

Сайран ӘБУШӨРІП

ЖЫЛҚЫШЫЛЫҚ – ЕҢ ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІН  
ӨРЛЕТУГЕ СЕПТЕСКЕН БАСТАУ КҮШІ

*В статье коневодство рассматривается как один из основных факторов, повлиявших на расцвет древнетюркской цивилизации*

*Bu makalede at besleciligi eski turk kulturunun gelismesine katkıda bulunan faktor olarak incelenmektedir.*

Үнді-герман назариясының өкілдерінің бірі С.Галлус — Хорваз б.д.д. VIII-VII ғасырларда алпіндер мен кавказдықтардың арасындағы аймақта жылқышылық мәдениеті жүзеге келген еді дейді. — Табылған ауыздықтар және басқа археологиялық материалдардың негерлері болған бұл қауым Кавказдан Орталық Европаға қоныс аударған болуы керек. Ал, кавказдықтар б.ж.с.д. 1200 жылдардан бастап Месопатамиядағы жылқы малының қолға үйретілуі сияқты үдімдерді қабылдап алған, олар кейініректе Минусинскіге (б.ж.с.д. V ғ.) дейінгі аралыққа тараған-мыс [1].

К.Жеттмар жануарлардың қолға үйретілуі жергілікті үнді-европалықтар тарапынан қолға алынған және ол егіншілік шаруашылығынан кейін пайда болған деген пікірді алға тартқан [2]. О.Латтиморе де осы пікірді ұстанады [3].

Батыста кең тараған “Арианизм” теориясы бойынша, өте ерте замандарда үнді-европалықтар Орта Азиядан Қытайдың Ганьсу аймағына дейін тарап, көшпелілікте өмір сүрген және әсілі, жылқы малын алғаш рет қолға үйретіп, көлік ретінде пайдаланған. Сөйтіп адамзаттың ілгері дамуын қамтамасыз еткен [4]. Бұл ретте дәлел ретінде Жоңғариядан табылған жылқы сүйектері, сондай-ақ келте де жуан аяқты және имек басты Прежевальскі жылқысы көрсетіледі. Алайда осынау замандарда бір емес, бірнеше түрдегі жабайы жылқының өмір сүргендігі, бұлардың арасында Батыс Далалықта жауынгер малшылар тарапынан мініс және жауынгерлік ат ретінде Прежевальскі емес, маневр жасауға икемді шағын денелі, ұзын да жіңішке аяқты, кішкене және кейкі басты, қатты да серпінді тұяқты жүйрік жылқы малының пайдаланылғандығы белгілі [5].

Азияда алғаш рет жылқы сүйектерінің қалдықтары Түріктің ата-жұртының аймағы — Афанасьев мәдениеті (б.ж.с.д. 2500-1700), одан кейін Андронов мәдениеті (б.ж.с.д. 1700-1200) тараған жерлерден табылып отыр. Ал Ресейдің оңтүстігінде (Днепрдің жағалауындағы Триполия мәдениеті) көрінген жылқы скелеттерін Ұлы Даламен байланыстырып қарастырудың әбестігі жсқ [6]. Бірақ жылқының Ресейдің оңтүстігінде емес, нақ Далалықтағы қауымның әлеуметтік-экономикалық тұрмысында аса маңызды рөл атқарғандығын есептен шығармауымыз керек.

Қолға үйретілген жылқының арбаға жегіліп, жүк тасу малы ретінде пайдаланылуы, оның ең негізгі функциясын емес, екінші дәрежедегі жағдайын көрсетеді. Өйткені атты мініс малы ретінде пайдалану

жылқышылықтың негізін құрайды. Ал жылқышылықтың бұл функциясы отырықшылар мәдениетінің мұқтаждықтарына қабыспайтын-ды. Шынында да кең жайылымдарды шарлап, алыстағы су көздеріне тезірек жету қажеттілігіне негізделген Дала шаруашылығында көп санды отар-отар қойларды, табын-табын малдарды, сондай-ақ үйірдегі жылқыларын қору үшін экономикалық тетік міндетін өтеген салт атты үдім қысқа уақыт ішінде әскери маңызға ие болып, Далада әскери әлеуеттің негізін құрады.

С.В.Киселевтің зерттеулеріне қарағанда, Андронов мәдениетінің иегерлері болған жауынгер қауымның аймақта үстем жағдайда болуының басы да, сондай-ақ дүниежүзінің 3500 жылдық соғыс тарихында “Жауынгер аты дәуірінің” [7] басталуы бұл мәдениеттің алғашқы өрлеуімен байланысты болса керек. Хұндар өздерінен бұрынғы кезде Қытай аймағында салт атты әскері болған бірде-бір басқа қауымды білмеген, сонымен бірге олар өздерінің типикалық мәдениетімен, яғни жауынгерлік ат-сайманымен көрінген жалғыз қауым еді [8]. Бұлардан кейін Орта және Шығыс Азияда жауынгерлік атқа Шань-су ие болған. Бірсыпыра зерттеушілердің жазуынша, қытайлықтар атқа міну өнерін б.д.д. 300 жылдарында ғана азиялық хұндардан үйренген [9].

Алтай аймағында прототүріктер тарапынан Дала мәдениетінің дүниеге әкелінгендігін растайтын археологиялық және антропологиялық деректердің анықталғанынан 25-30 жыл бұрын бұл мәдениет жөнінде салиқалы пікірлерін О.Менхин, В.Шмидт, В.Копперз, Ф.Флор сияқты танымал мәдениеттанушылар білдірген болатын. Менхин мен Копперз жауынгер малшылардың мәдениеті түркілер арасында туғанын тілге тиек ете келе, жылқы малын қолға үйрету ісін алғашқы түріктер қолға алған деп жазды [10]. Копперз бұлар басқа мәдениеттердің төтенше нәтижелерге жетуіне үлкен ықпал жасаған: тарихи байланыстардың көрсетіп отырғанындай, үлкен мемлекет негізінің қалануы үшін қажетті алғы шарттар тек осы салада (жылқышылық шаруашылығында) ғана әзірленеді [11], деп көрсетті. Флордың пікірінше, жануарларды қолдан өсіруден бұрын бұғы, кейінірек түріктердің ата-бабалары тарапынан жылқы шаруашылығының қолға алынуы адамзаттың іс-әрекетіндегі үлкен жетістік болып табылады [12]. Шмидтің зерттеулерінен де осындай қорытынды шығады: Орта Азияда өте көне замандарда аңшылықтан жануарларды қолға үйретуге көшкен қауымның аты – Түрік [13]. В.Радлов XIX ғасырда-ақ “Қапанда-юс” аймағындағы (Афанасьев-Андронов мәдениетінің атырауы) б.д.д. III мыңжылдықтың ақырғы кезеңіне жататын қабірлер 1865 жылы қазылып, олардан аузында (тістерінде) ауыздықтың ізі бар жылқы скелеттері табылғандығын жазған [14].

Үлкен германист ғалым Якув пен Вильгельм Гримм тарапынан түріктердің үнді-европалықтармен ерте замандарда байланыста болғандығы анықталған. Мұны біздің заманымыздың көне тілдер білгірі д-р В.Бранденштейн де атап өткен [15]. Үнді-европалықтардың этникалық тегі мәселесімен айналысқан д-р А.Ненрин мен В.Копперз, Азия мен Европада жануарларды қолға үйрету мәселесімен шұғылданған д-р Фр. Флор 1936 жылы жазылған еңбегінде үнді-европалықтар соңғы неолитте Европа мен Азияның шеңдескен жерлерінде өмір сүрген, олар жылқышылық мәдениеті мен жылқыны құрбандыққа шалу әдетін көршілес түріктерден алған, ал

түріктер жылқышылық шаруашылығын б.д.д. 2500 жылдары, тіпті одан да бұрынғы кездерде дамытқан; оралдық қауымдар да “ұзын мойынды жануарларды” бұрынғы замандарда қолға үйреткен еді, деп тұжырады [16].

Зерттеушілер түріктер жерінде пайда болған жылқышылықтың монғолдар жерінде және Алдыңғы Азия қауымдары, сондай-ақ үнді-европалықтар арасына тарағанын тілге тиек етеді [17]. Лью деген автор қытайлардың жебелі садақты түріктерден үйренгендігін және мініс аттарды түріктер өлкесінен алуға тырысқандығын жазады [18]. Солтүстік Қытайдың Хун дәуіріне дейін өмір сүрген қауымдары атты әскер феноменін білмеген. Олар б.ж.с.д. IV ғасырда хундарға тән болған жылқышылық мәдениетінен бейхабар еді. Хун жауынгері балалық шағында-ақ садақ ату өнеріне үйренетін, ат үстінде алысатын [19]. Европаның IV-VI ғасырлардағы деректері бойынша (А.Марджеллинус, К.Клаудианус, А.Сидониус, Зосимос) хундар жүре бастаған кезінде-ақ баласының қасына ерленген атты әкеп қояды... Олар ат үстінде тамақтанады, сұхбаттасады, алыс-беріс жасай береді, ұйықтайды, өмір сүреді [20]. VII-X ғасырлардағы Византия деректері бойынша (Хераклеиостың еңбектері), түріктер ат үстінде туылып, жаяу жүру дегенді білмейді [21]. Мұның өзі XIV ғасырға дейінгі Қытай, Византия, Русь, Сирия, Ислам деректерінде расталынады. Сондай-ақ, қытай деректерінде көне замандардан бері Қиыр Шығыста атты баптаудың ұсталары ретінде хундар танылған делінген [22]. Деректерде қатталғанындай, Дала түріктері тіршілігінің кешуі жылқы малына байланысты болған, оған айрықша атау берген, оны белгілі бір жоралғымен көмген, онымен қажет болғанда “сөйлескен”, “парасат иесі” ретінде бағалаған. Жылқы Көктен түскен деп, оған қасиетті жануар ретінде қараған [23]. К.Ф.Смирновтың жазғанындай, атты көму әдеті ең көне замандарда Андронов мәдениетінің иегерлерінде көрінеді. Бұлардан осынау әдет сақ-скифтер, кейінірек аварлар мен хундар арқылы германдықтар және славяндар арасына тараған. Бұл жөнінде А.Коллаутздың еңбегінде жазылған [24].

Көне замандардан, әсіресе Күлтегіннен бері тілімізде айтылып жүрген “ат” сөзі Азия хундарының жануарларды қолға үйреткендігі жайлы сөз қозғаған қытай дерегі “Ши-чиде” хатталған. Ол “қуаит” (Н.Егами бойынша) немесе “күт” (Де Груут бойынша) сөздерінен туындаған болса керек. Бұл хун (түрік) сөзінің мағынасын “дәйім үлкен бір күшпен (серпіліспен) алға басу” (... full of mettle with a great power of Leaping) деп таратуға болады [25]. Осы мағынаның түрікшедегі “ат” атауынан туындаған “атым”, “аттанбак”, “атылмақ”, “атпақ” сөздерінде әлі күнге дейін сақталып қалғандығы [26], бұл сөздердің өлкенің мәдениет тарихы мен геосаясатында үлкен маңызға ие болғандығы В.Рубен [27] мен Х.Мкиндер [28] тарапынан көрсетілген [29].

О.Менхин дүниежүзілік тарихтағы көне түріктер мәдениеті, оның ішінде жануарларды қолдан өсіріп бағу мен оның әлеуметтік тұрмыстағы ұйымдастырушылық рөлін ажыратып көрсетеді. Автор отырықшы мен көшпелі тұрмыстың айырмашылықтарына тоқтала келіп, былай дейді: көшпелі мал шаруашылығының тірлігі күрделірек, мүшкілірек, ол үздіксіз көшіп-қонып жүруді, яғни қозғалыста болуды қажетсінеді, мұның нәтижесінде аламдар дүниені жан-жақты танып-біліп барады, олардың қыста-күзде түрлі маневрлер жасауына тура келіп, бір-бірінен алыстап кетіп

отыруына тура келеді, малдарды түрлі аурулардан, жұттан сақтауға бейімделіп, басқалармен соқтығысып қалмау үшін би-билік ұйымын құруға, құқықтың жолдарын іздеп табуға ұмтылдырады. Салт атты жауынгер тайпаларының өзен аңғарлары мен тау баурайын жайлаған, ұйымдық жағынан жетілмеген отырықшы, егіншілер қауымы арасына кіргеннен кейін ғана барып олардың елінде мемлекет деген құрылым пайда болған. Нак осынау көшпелілер жұрттың бәрінен бұрын әскери құрылымға ие болған [30].

А.Альфольдидің пікірінше, үнді-европалық қауымдардың мемлекет пен ұжым-ұйымдық құрылымға ие болуын, сондай-ақ олардың саяси өмірдегі табыстарын далалық шаруашылықтың еткен әсерімен түсіндіруге болады. Ал бұл шаруашылық негізінен б.д.д. II мыңжылдықта Арал аймағында пайда болған деп болжамданады [31].

В.Шмидт пен В.Еберхардтың пікірінше, түріктердің әлеуметтік тұрмысында жылқы малына құт-қасиет сипаты берілген. Ол түріктердің әлеуметтік ұйысуында үлкен рөл атқарған [32]. О.Менхин мен Ф.Көпрүлүннің еңбектерінде тайпалар арасында жер-су үшін талас-жанжал туып кетпеу үшін оны реттеу, яғни бітім жасасу қажеттілігінен құқық ұғымының пайда болғандығы көрсетілген [33]. Бұл ретте Европа мәдениетінің бастауындағы әлеуметтік және құқықтық жағдайды сипаттаған кейбір батыстық зерттеулердегі тұжырыммен, әсіресе көне гректер, германдықтар, ассириялықтар мен вавилониялықтардың бәрі көшпелі болған деген пікірмен келісуге болмайтынын айта кетпекшіміз. Шынында да қоныс аудару мен көшпелілік тұрмысты тәндестіруге болмайды. Б.ж.с.д. II мыңжылдықта көшпелі тұрмыс пен аң стилі өнерінің тегін Европадан емес, Андрон мәдениеті тараған жерден іздеу керектігін Е.Талгрэн, Р.Гроуссет, В.Еберхардт пен А.Коллаутздар өздерінің еңбектерінде жақсы көрсеткен болатын [34].

О.Менгиннің пайымдауына қарағанда, мұз дәуірінің соңын ала Байқал теңізіне дейінгі ұлан-байтақ жерлерде бірыңғай үлгідегі мәдениет пайда болған. Бұл мәдениеттің негізгі ерекшелігін сүйектерден жасалынған бұйымдармен, балықшы-аңшылық тұрмыс салтымен байланыстырсақ дұрыс болар еді. Ғалымдардың пікірінше, Орал-Алтай тіл семьясына жататын қауымдардың да асыл мәдениетінің түп негізін осы арнадан іздеу керек. Аталмыш мәдениет ықпалының іздерін Оңтүстік Азия мен Америкадан да көруге болады.

Дамыған қола дәуірінде жылқы күш көлігі ретінде және салт мініп жүру үшін пайдаланылды. Мұны Степняктағы, Айдаболдағы (Қазақстан) қоныстардан табылған сүйектен жасалған жұмсақ ауыздықтардың айшықтары дәлелдейді. Жылқыны жегіп пайдалануды ойлап табу адамзаттың ілгері басуында, сөз жоқ, ерекше рөл атқарды. Табынды жылқы шаруашылығының пайда болуы халықтың материалдық жағынан қамтамасыз етілуі мен тұрмыс деңгейінің жедел артуына, қоғамның, оның мәдениеті мен дүниетанымының серпінді түрде дамуына кейінгі, неғұрлым соңғы дәуірлерде адамдардың тұрмыс салтының түбегейлі өзгеруіне түрткі болды; шектес әлеуметтік қауымдармен айырбас және сауда қатынастарының орнатылып, жандандырылуына; тіршіліктің барлық жақтарына қатысып, жаңа идеяларды қабылдауға жәрдемдесті;

географиялық, космогониялық, астрономиялық мағлұматтардың жинақталуын тездетті; тайпалардың жинақылығының артуына, олардың әскери-саяси одақтарға ертерек бірігуіне ықпал етіп, олардың этникалық жағынан топтасуын күшейтті; сайып келгенде ежелгі түркілер өркениеті алғышарттарының қалыптасуын тездетті.

Энеолит дәуірінде (б.з.б. III-II мыңжылдықтар) Көкше жерінде Ботай қонысынан табылған жүгеннің сүйек элементтері, кісенге (тұсауға) арналған ілгектер жылқының қолға үйретіле бастағанын дәлелдейді [35].

О.Менгин есімді зерттеуші Орал-Алтай қауымдастығының экономикалық салада жабайы жануарларды қолға үйретуінің және әлеуметтік сферада дәстүрлі мемлекеттілікті құрғандығының дүние жүзілік тарихтағы рөлін атап көрсетеді. Шмидтің этнографиялық ізденістеріне сүйеніп айтылған бұл тұжырымды археологиялық зерттеулер де растайды.

Екіншілер мекендеген дариялар жағалауларында жоғары мәдениеттер малшы қауымдарының бұл жерлерге қоныс аударуының нәтижесінде пайда болған. Ал тек мал өсіруші түркілердің ғана мемлекетті құра алу қабілеті жөнінде мынаны айта кеткен жөн: төрт түлік малдың иен далада емін-еркін жайылып жүруіне байланысты жайылымдар мен мал үшін соқтығысып қалмау жағдайын реттеу қажеттігі, ру-тайпалардың дәстүрлі мекемелері мен тұрмыс салтынан туындаған таным биіктігі мен кеңдігі, ержүректілік, тайпалық менталитет пен сана, ұйымдастырушылық қабілет, осылардың нәтижесінде мерейінің үстем болуына байланысты көрінетін асқак мақтанш сезім, қысқасы, мемлекет құру ісіне қажетті барлық қасиеттер көшпенділердің бойынан табылып отырған. Осындай рухта есейген жандардың екіншілер қауымын тас-талқан етіп жеңгеннен кейін, оларды отар-отар қойлары, үйір-үйір жылқылары мен басқа малдарына жайылым жер іздеп табу қажеттігі мемлекет құруға үндеген. Бұның нәтижесінде үлкен қауымның ғана қолынан келетін жаулап алушылық сияқты әрекеттер барысында Алтай тілінің иегерлері барлық жерлердегі мәдениетті өздерінің менталитеті мен шаруашылық тұрмысына сәйкестендіре өзгертіп жіберіп отырған. Әрине, жауынгерлік тұрмыс салты үстем болып тұрған кезеңде осынау түркілік жасампаздықпен бірге қиратушылықтың да белең алғандығы шындық.

Заманымыздың әйгілі тарихшысы Тойнби де көшпенділік тұрмысты мәдениет дамуының ең жоғары шоқысы деп бағалайды: көшпенділікті кең мағынада алып қарайтын болсақ, оның екіншіліктен, яғни өсімдіктерді қолдан өсіру тәжірибесінен де артық аса маңызды мәдени жетістік екендігін мойындау керек. Жылқыны қолға үйрету, одан кейін жалпы мал шаруашылығын жүзеге келтіру үшін қатал табиғат жағдайларына, оның болжап болмайтын құбылмалы құбылыстарына қарсы тұрып, шыдас бере алатын қасиеттер мен қабілеттер болуы керек. Мұның өзі малшылық өнер-тәжірибесімен бір қатарда әскери қабілет пен бейімділіктің қалыптасуын да қамтамасыз еткен. Бұдан тысқары үнемі алға бастайтын озық ой, көзқарас, жауапкершілік сезім, физикалық және моральдық төзімділік қажет. Тойнби көшпенділік шаруашылықты жүзеге келтірген жылқышылық адамзат мәдениетінің дамуына жана серпін берген түркілер рухының жеңісі мен салтанат құрған кезеңін бастап берді, – деп әділін айтқан еді [36].

Жылқы малын өсірген көшпелі қауымдар мен мәдениеттердің маңызын түсіну үшін олардың басқа қауымдармен қарым-қатынастарына назар аударған жөн. Копперз айтқандай, мал өсірген қауымның көшпенді (номадтық) мәдениетінің ішкі Азияда пайда болғандығы талас тудырмайтын шындық.

Сонғы уақыттағы зерттеулерге қарағанда, көшпенділік мал шаруашылығын, әсіресе жылқы малын өсіру мәдениетін Ішкі Азияда (яғни Орталық Азия, Оңтүстік Сібір мен Алтай алқабы) түркілердің арғы тектерін құраған қауымдар-прототүркілер дүниеге әкелген. Бұл шын мәніндегі тарихи жетістік болып, түркілер қауымдастығы мен мәдениетінің қалыптасып шыңдалуында аса маңызды қызмет атқарды. Жылқышылықтың нәтижесінде өндірістік төңкеріс жасалынды.

Атты әскерлік жүйенің белгілі бір түрінің қалыптасуына көрші мәдениеттердің де әсері болған. Ең көне түркілер мен үнді - европалықтардың (иран тілдес қауымның) арасындағы генетикалық байланыстардың (қан араласуы сияқты) болғандығы жөнінде күмәндануға болмас. Мұны Ішкі Азияда терек тамыр жайған дін элементтері де растайды.

Ортақ қауымдастықтағы үлкен отбасы, патриархалдық құрылым, яғни бірнеше үлкен отбасыларынан тұрған әкелік әулет (олар бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізді.) әйелдердің өндірістегі рөлінің төмендеуі, тұңғыш баланың енші алу құқы, күн әпсанасы, отқа табынушылық және екінші дәрежедегі құдайлар түсінігінің орнығуы сияқты жәйттерде көшпенділік мәдениетінің ерекшеліктері көзге түсіп тұр. Копперздің пікірінше, тілге тиек етілген жәйттер мен ерекшеліктер әсіресе, Алтайлық (түркілік) қауымдардың болмысынан түпнұсқалық және таза түрінде көп көрінген [37].

Әскери арбалар, Виэснәрдің жазғанындай, арийліктерде көптеп кездеседі. Автор салт атты жауынгерлік үрдісі турандық нәсілдер қауымының ортасынан шыққан дейді. Осынау қауымды әскери арбасы болған ариялықтар шығысқа, Алтай алқабына қарай ығыстыра алған. Әскери арба, Виэснәр айтқандай, тек ариялықтар мәдениетінің ғана жемісі емес. Ол қола дәуіріндегі петроглифтерде, әсіресе, Қаратаудағы жартасқа салынған суреттерде (49 арбаның суреті бар), сондай-ақ Тамғалы, Ешкіөлмес тауларындағы суреттерде кездеседі. Оларда әскери арбалар салынған, ат жетілген арба көріністері бар. Ендеше арбаны түркілердің өздері де ойлап тапқан болуы керек. Ат жабдықтары мен әбзелдерінің, мысалы Айдабол, Тастыбұлақ елді мекендерден қазылып алынған сүйектердегі ауыздық белгілерінің анықталуы, олар, әрине, ұлы жаңалық пен жетістік, сөзіміздің дәлелі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Gallus S –Horvath T. Un peuple cavalier prescythique en Hongrie. Budapest, 1939, 50-54-6.
  2. Jettmar K. Die frühen steppenvölker. Baden-Baden, 1964, 771-6.
  3. Kortepeter C.M. The Origins and Nature of Turkish Power.-Tarih Arastirmalari Dergisi, 1968, p. 249.
  4. Berthelot A. L'Asie ancienne centrale et sud-orientale, d'arpes Ptolomee. Paris, 1930, 16-33-6.
- Grousset R. Histoire de l'Extreme-orient. Paris, 1929, 8-6. Gronbech K. The Steppe Region in World History. Act Orientalia (Copenhagen), II, 1959, 16-6.

5. Everhard W. Çin kaynaklarına göre Orta Asia'da At cinsleri. "Ulku", sayı 92, 1940, s. 161.
- Altheim F. Attila et les Huns. Paris, 1952, II-III тараулар.
6. Jettmar K. Zur Herkunft der turkischen Volkerschaften. Arch. Fur Volker-kunde, II, Wien, 1948, 18-6.
7. Berhelot A. L'Asie ancienne centrale et sud-orientale, d'arpes Ptolomee. Paris, 1930, 22-6.
8. Ligeti L. Az urali Magyar Oshara. // A Magyar sag ostortenete. Budapest, 1943, 37-6.
9. Tsung Pao. Paris, XXIV, 263-6.; W. Eberhard. Çin Kaynaklarına göre Orta Asyada at cinsleri, // Ülku, sayı 92, 1940, s.189.
10. Rasonyi L. Tarihte Türklük Ankara, 1971, s. 4.
11. Koppers W. İlk Türklük ve ilk indo-Germenlik // Belleten, sayı 20, 1941, s. 471.
12. Flor F. Haustiere und Hirten-kultur. Wieper Beitrage Zur Kulturgeschichte und Linguistica. I, 1930.
13. Schmidt W. Rassen und Völker... II Luzern, 1946.; DTCF Dergisi, V, 3, s. 346.
14. Radloff W. Sibiryadan, II, 1, 1956, Istanbul, s. 107, 116-121.
15. Brandenstein W. Etrüsk meselesinin simdiki durumu. —İkinci Turk Tarih Kongresi zabıtları. Ankara 1943, 211-219-66.
16. Wiener Beitrage zur Kulturgeschichte und Linguistik. II, 1936.
17. Liu Mau-tsai Die chinesichen Nachrichten zur Yeshichte der Ost-Türken, I, Wiesbaden. 1958, 453-6.
18. Ligeti L. Asya Hunlari. — Attila ve Hunlari. Istanbul, 1962, 37-6.
19. Vaczy P. Hunlar Avrupa'da, Attila ve Hunlari. Istanbul, 1962, 91-6.
20. Gy Moravcsik. Bölcs Leo Tak tıkaja, mind Magyar törtenetı forras. Budapest, 1951, 342-6.
21. Egami N. The K'uai-t'i the T'ao-yü and the Tan-hsi... Tokyo, 1951, 87-123-6.
22. Cafesoglu A. Türk onomastiginde At kültü // TM, X, 1953, 201-212-6.
23. Kolbantz A. Yeschichte und Kultur... II, Klagenfurt, 1970, 129-136-6.
24. Egami N. The K'uai-t'i the T'ao-yü and the T'an-hsi, the Strange domestic Animals of the Hsiung-nu. Toyo Bunko, N13, Tokyo, 1951, 98-101-6.
25. Ruben W. Budhizm Tarihi. Ankara, 1947, 2-6.
26. Tümertekin E. Beseri ve iktisadi cografyaya giriş. Istanbul. 1962, 129-6.
27. Zambotti P.L. Les origines et la diffusion de la civilisation. Paris, 1949, 20-6.
28. Ogel B. // Türk Kültür Tarihi 33- 6.; Eberhard W. Eski Çin kültürü ve Türkler. // DTCF Dergisi, I, 4, 1943, 25-6.
29. Koppers W. Die Indogermanen Frageim Lichte der historischen Völkerunde // Anthropos, XXX, s. 30.; A. Alföldi. Die Struktur des voretuskischen Römerstates, Heidelberg, 1974, 43-6.
30. Ogel B., Türk Kültür Tarihi, 139, 147, 163, 218-6.
31. Ruben W. Millatan bin sene evvel Asya iclerinden muhaceret eden Hisdistan'in en eski demircileri arasinda. II TTKZ Istanbul, 1943, 240 6.
32. De Groot. Die Hunnen der vorchristlichen Zeit I, Berlin-Leipzig, 1921, 223-6.
33. Eberhard W. Conquerors and Rulers... Leiden, 1952, 71-6.
34. Menghin O. Die welt welteschichtliche Rolle der Ural — altaischen Volker, AE, 42. N 1929, 299-6.; Köprülü M.F. Bir Türk hukuku yol mudur? // TTKZ. Istanbul, 1983, 417-6.
35. Tallgren M. Some Horth-Eurasian Sculptures. // ESA, 1938; Grousset R. L'Emp. D. Steppes. Paris, 1941. 624- 6 ; Eberhard W. Çin tarihi. Ankara, 1947, 69-6.
36. Toyhbee A. J., A Study of History. London, 1962, 164-6.
37. Dr. Laszlo Rasonyi. Tarihte türklyk. Ankara, 1993, 6-6.